Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ

1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

TORAIGHYROV UNIVERSITY

ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 3 (2021)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269
выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

https://doi.org/10.48081/FQUO1167

Бас редакторы – главный редактор
Бурдина Е. И.
д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора — Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*
Ответственный секретарь — Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	*д.п.н., профессор*
Жуматаева Е.,	*д.п.н., профессор*
Абибулаева А. Б.	*д.п.н., профессор*
Фоминых Н. Ю.,	*д.п.н., профессор (Россия)*
Снопкова Е. И.,	*к.п.н., профессор (Белоруссия)*
Мирза Н. В.,	*д.п.н., профессор*
Донцов А. С.,	*доктор PhD*
Шокубаева З. Ж.,	*технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

ҒТАМР 396.314.3

https://doi.org/10.48081/BFFV12313

А. Ф. Зейнулина, А. Т. Ташекова
Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ЖОО–ДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАР СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Қазақ тілін оқыту мақсаттары әр түрлі нысанаға бағытталып, білім беру мазмұны нақты қойылуы қажет. ЖОО–да тілдік емес мамандықта оқитын студенттерге қазақ тілі туралы ғылымның негіздерін беру, тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам өмірінде аса қажетті екендігі түсіндіріледі. Қазақ тілінен жақсы білім алуына мүмкіндік туғызу арқылы тілдің басты қатынас құралы екендігіне көздерін жеткіземіз, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ауызша, жазбаша тілдерін дамытып, функционалдық сауаттылығын арттыруға, студенттердің тіл мәдениетін қалыптастыруға,осылайша өздігінен сөйлей, жаза білуге мүмкіндік жасалынады.

Осы тұрғыда қазақ тілі сабағында студенттердің тәрбиелік мақсаттары да ескеріліп, студенттердің шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамыту жағдайы жасалынуы қажет. Тілдік құбылысқа көзқарасын қалыптастыру арқылы тілдің адам қоғамымен бірге жасасып, өмір сүретінін, қоғам үшін қажетті қарым-қатынас құралы болатындығын түсіндіру жұмыстары арқылы жүзеге асырылады. Аталмыш мақалада қазақ тілі сабақтарында студенттердің көшбасшылық қабілеттерін дамытуға арналған әдістеме мазмұны, мәтінмен жұмыс жасау әрекеттері,түрлі шығармашылық жаттығу жұмыстарының жүргілу мәні қарастырылады.

Көшбасшылықтың басты көрсеткіші – саналылық пен белсенділік ұстанымы арқылы тілдің заңдылықтары мен ережелерін студенттердің жаттанды түрде емес, саналы түрде меңгеруі үшін қазақ тілін оқытуда қолданылатын сабақтардың түрлеріне, атап айтсақ, 1) жаңа оқу материалын оқып-үйрену сабағы, 2) білім-

іскерлік пен дағдыны жетілдіру сабағы, 3) білімді жүйелеу, жинақтау сабағы, 4) аралас сабақ, 5) білім, іскерлік пен дағдыны бағалау, бақылау сабақтарының ерекшеліктеріне талдау жасалынады

Кілтті сөздер: қазақ тілі, әдістеме, мамандық, көшбасшы, көшбасшылық қабілет,дамыту, лексикалық минимум, жаттығу.

Кіріспе

Әлемдік шартарап кеңістігінде жеті мыңнан астам тіл белгілі. Халықтың үштен екі бөлігі сегіз тілде ғана сөйлейді екен. Ғылым, технология және бизнесте көптілділіктің негізін құрайтын ағылшын тілі басымдыққа ие екені баршамызға мәлім.

130-дан астам ұлт өкілдері тұратын және 47-ден астам тіл қолданылатын Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа белсене кірігіп жатқандықтан, көптілді білім беру басым бағытта болатыны сөзсіз.

Қазақстан Конституциямен бекітілген мемлекеттік және ресми тілдері бар көп тілді ел болып табылады [1]. Қазақстандағы көптілділік тарихи-мәдени, саяси-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және өңірлік себептерге байланысты кешенді түрде меңгеріліп, қоғамдағы қолданыс аясының маңызына ерекше көңіл бөлініп отыр.

2007 жылдан бері «Тілдердің үштұғырлығы» жобасы жүзеге асырылып келеді: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ағылшын тілі – әлемдік экономикаға кірігу тілі [2]. ҚазақстанРеспубликасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2020 жылы қазақ тілінде сөйлейтін қазақстандықтардың үлесі 95 %, орыс тілінде сөйлейтіндердің үлесі 90 % және ағылшын тілінде сөйлейтіндердің үлесі 20 % болуы тиіс еді. Дегенмен, өзге тілді аудиторияда мемлекеттік тілді меңгеру көрсеткіші әлі де болса, төмен. Осы ретте қазақ тілі сабақтарынын жүргізу сапасы мен меңгерту талаптарына кешенді түрде, жан-жақты жұмыс жасау қажеттілігі туындап отырғаны сөзсіз.

Зерттеудің нысаны: Қазақ тілін меңгерту кезінде көшбасшылық қабілетті дамыту

Зерттеудің пәні: қазақ тілін оқыту әдістемесі, психология

Мақсаты: қазақ тілін оқыту үрдісінде ұлттық құндылық мазмұнын насихаттау арқылы көшбасшылық мінезді қалыптастыру мәнін таныту болып табылады. Көшбасшылық қызметі арқылы айтылым,сөйлесім,тыңдалым, оқылым, жазылым құзіреттіліктерінің функционалдық қызметінің қажеттілігі туындайды.

Міндеттері:

– тілдік материалдар көшбасшылыққа, шығармашылыққа ұмтылысты жандандыратын инновациялық технологиялар, әдіс-тәсілдер арқылы ұсынылып, оқыту контенті студенттің өмірде кездесетін тілдік жағдаяттармен салыстыра, салғастыра, байланыстыра алатындай мазмұнда нәтижеге қол жеткізу;

– тіл үйренушінің өз бетінше білім алу қабілетін дамыту;

– танымдық, зерттеу біліктілігін қалыптастыру;

– ақпараттық мәдениетін дамыту;

– ой-өрісін кеңейту және жалпы мәдениетін көтеру.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Тілдік оқытудың ерекшеліктері анықталады.

1 Тілді пән ретінде оқыту

2 Қазақ тілінің оқыту тілі ретіндегі үлесін арттыру

3 Қазақ тілін терең оқыту

4 Тілді жетік білетін мұғалімдердің пәндерден сабақ беруін қамтамасыз ету.

5 Қазақ тілін сапалы оқыту арқылы студенттердің көшбасшылық және шығармашылық құзіретін арттыру.

Тілдік ортаға енгізу моделі екі тілдің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орындарындағы филологиялық мамандықта оқымайтын студенттерге арнап әзірленді.

Студенттердің бірінші тілі (Т1) – бұл жағдайда елдің ресми мемлекеттік тілі, яғни қазақ тілі. Екінші тілдің (Т2) елдегі мәртебесі, абыройы мен экономикалық маңызы жоғары, өмірге қажеттілік туғызып отырған ұлтаралық тіл, немесе халықаралық тіл – ағылшын тілі. Студенттерге қос тілді қандай жағдайда пайдалану түсінікті болу үшін бірінші және екінші тілдерді әртүрлі оқытушылар оқытады. Екінші тілден сабақ беретін оқытушы осы тілді ана тілі деңгейінде немесе еркін (С1-С2) меңгеруі тиіс. Ағылшын тілін оқыту барысында оқытушы тек ағылшын тілін ғана қолданады және аударманы қолданбайды. Осындай оқытудың нәтижесінде, оқушылар екі тілді де еркін меңгереді. Мұндай модель әлемнің көптеген елдерінде, атап айтсақ, Канада, АҚШ, Жапония, Италия, Испания және т.б. пайдаланылады.

Ана тілі өзге тілдердің дағдыларын үйретудің негізі болуы тиіс [3]. Ана тілін жақсы меңгерген студенттер өзге тілдерден мықты жазылым және оқылым дағдыларын көрсетеді.

Тілді үйреткен кезде, басты назар мәнге емес, нысанға аударылуы тиіс. Тілді жай ғана тіл үшін емес, нақты білім алу үшін үйрену қажеттілігін туғызу керек. Тілдік дағдылар, өз кезегінде, тілдік пәндерде ғана емес, тілдік емес

салалар арқылы да дамытылады. Ортақ пәнаралық тақырыптарды тілдік және пәндік сабақтарда қатар оқыту пән мазмұны мен тілдерді тиімді оқып-үйренуге ықпал етеді. Осы ретте жоғары оқу орындарында түрлі мамандықта білім алып жүрген студенттерге тілдік орта кеңістігінде көшбасшылық қабілетін дамыту зор жетістіктерге жетудің жолы екеніне көзіміз жетті.

Студенттер қазақ тілі сабағында тілді меңгере отырып, түрлі тақырыптағы білім мазмұнын кешенді түрде қабылдауға өз белсенділігін жақсы көрсете алатынын байқадық. Әр студенттің жеке көшбасшылық қасиетімен ұжымдық әрекетінің табысын көруге болады. Студенттердің бойында көшбасшылық қабілеттерді дамытуға бағыттайтын жұмыстар оқу үрдісінде ылғи басты нысанада болуы қажет. Ол үшіннағыз лидердің осындай ерекшеліктері болуы керек:

- эмоцияларды басқара білу,
- әділеттілік,
- ұқыптылық,
- сендіру қабілеті,
- уақытты дұрыс жоспарлау мүмкіндігі,
- олардың жұмысына шынайы қызығушылық,
- дұрыс мақсат қою мүмкіндігі,
- шоғырлану мүмкіндігі,
- жауапкершілік сезімі,
- харизма,
- өзін және басқа адамдарды ынталандыру мүмкіндігі,
- өзіне және басқаларға сенім,
- позитивті ойлау,
- табандылық,
- ашықтық.

Қазақ тілі сабақтарында барлық жоспарланған тапсырмаларды уақытында орындау қабілеттерін дамыту арқылы көшбасшылықтың ең басты әрекеттерін басқара алуына мүмкіндік жасалынады. Көшбасшы – бұл бәрінен бірінші орында тұратын адам, ал егер сіз ертеңгі күн үшін маңызды нәрселерді кешіктіріп қойсаңыз, сіз кез-келген жерде жетістікке жете алмайсыз. Көшбасшы тек мақсат қоюды білетін және оны жүзеге асыруға адамдардың күш-жігерін бағыттайтын адам ғана емес, ең бастысы, көшбасшы – бұл ең алдымен күш-қуатын мақсатқа жетуге бағыттайтын және адамдарды осы мәселеде басқаратын адам екенін топтағы әр студент білуі қажет.

Барлық көшбасшыларды ерекшелейтін маңызды қасиет – жауапкершілік сезімінің терең болуы. Мұны студенттердің сабақ барысында өзін – өзі

дамыту арқылы жүзеге асыру арқылы, жақсы лидер мақсаттарға, нәтижелерге және әрине, өз командасына деген жауапкершілікті түсінеді.

Адамдарды басқара алатын көшбасшылар – бұл өз идеяларымен «көш бастай алатын» және басқаларды осы ынта-жігермен жандыра алатын адамдар. Сондықтан студент өз бойында құмарлықты дамыту, шабыт пен ынтаңызды арттыратын ішкі көздерді іздеу өте маңызды екенін түсінеді.

Жақсы көшбасшылар әрқашан нені және қашан қалайтындығын нақты білетін ынталы адамдар. Бірақ, бұған қосымша, олар басқа адамдарды ынталандыруға қабілетті. Мұны қалай жасау керектігін білу үшін басқа адамдардың қалауы мен қажеттіліктерін түсіне білу керек. Сабақ үрдісінде әр тақырып мазмұнына қарай көшбасшылық моделі де өзгеріп отырады және оны басқару ережелері де әр түрлі болады.

Көшбасшы үшін адамдарға сене білу және оған сүйене отырып өкілдік ету өте маңызды. Өзіңізге деген сенім басқа адамдарға – сіздің командаңызға деген сенім тудырады. Өзіңізге және адамдарға сенуді үйреніңіз, сонда олар керемет нәтиже көрсетеді. Бұл аталмыш қасиеттерді мәтінмен жұмыс жасау кезінде жақсы жүзеге асырылады. Мәселен, мәтін идеясын ашу, белгілі бір сұрақтар кешініне жауап іздеу,тақырып қою, өз идеясын айту т.б. сияқты тапсырмалар берілгенде топ студенттерінде ынтымақтастық пен көшбасшылықтың жақсы табиғатын байқаймыз.

Көшбасшы үшін таптырмас қасиет – табандылық. Жақсы нәтиже беру үшін қолайлы жағдайлар болуы қажет емес – бұл шешуші фактор емес. Бірақ, көптеген кедергілерге қарамастан, тоқтамаған адам керемет нәтижелер көрсететіні сөзсіз.Көшбасшы әрдайым адамдар үшін ашық және өзінің тәжірибесін мүмкіндігінше жеткізуге тырысады. Сондықтан адамдармен сөйлесуге және ашық болуға тәрбиелеу мақсаты да осы қазақ тілі сабақтары кезінде жүзеге асырылады.

Студент – көшбасшы қазақ тілін меңгеру арқылы алған білімінде айқындықты көрсетіп, жаңаға бейімделуге, өзгерісті өтуге көмектесіп, әріптестерін шабыттандырады және оларды құлшындырады. Ол өз мақсатын құруы тиіс және оны топтағы студенттерімен қарым-қатынасы және кәсіби желілік қоғамдастық аясындағы өзара әрекетін өзгерту үшін қолдануы қажет. Студент – көшбасшы өзінің айналасындағы адамдардың қажеттіліктерін ескеріп ұйымдастыра алуы тиіс. Ол топтасын ынталандыра және шабыттандыра отырып, олармен қарым-қатынасты сенімге негіздеп құрады. Көшбасшылардың айрықша қасиеттерінің бірі – олар үнемі мәселені жаңа және бірегей шешудің жолдарын табуға ұмтылады. Бір мәселені шеше салып, жаңа мәселелерді айқындауға көшеді. Осылайша студент – көшбасшының қабілеті өздерінің тұлғалық қалыптасуына

және топ студенттерінің тұлғалық-кәсіби қалыптасуына жағымды ықпал етуін көрсетеді. Студент – көшбасшы қазақ тілінде еркін,шешен сөйлеп, ынтымақтастық пен өзара шығармашылықтың жағымды психологиялық ахуалын сақтап, оларды конструктивті іс-әрекетке, міндеттерді өнімді шешуге және мақсатқа жетуге бағыттауға қабілетті.

Қазақ тілі сабақтарында көшбасшылыққа қатысты тақырыпты өту кезінде көшбасшылық туралы түрлі анықтамаларды ұстанады. Егер тренер көшбасшылық теориясын жақсы білсе, онда ол оқып жатқан студенттер пайымдарын көшбасшылықты толық түсінетіндей етіп бағыттай алады. Сонымен бірге көшбасшылыққа тән басқа маңызды белгілер назардан тыс қалмайды, яғни көшбасшылықтың басқа да көріністері бақыланбай қалмайды.

Қазақ тілі сабағында көшбасшылыққа ынталандыру үшін ынталандырудың төрт факторын іске асыруға болады.

Бірінші фактор – бұл қиын да қызықты жұмыс. Көп студенттер жүктемені сезінгенді қалайды, одан олар қанағаттанады. Яғни белсенділік танытуға, жаңа бір нәрсені жасауға, бірқалыпты жағдаяттан шығу үшін үнемі оқу және іздену үшін соған міндеттейтін тапсырма қажет.Егер күнделікті орындап жүрген тапсырмалардан болса, олар топтың мақсаты мен міндеттерін бөліспейді.

Екінші фактор жұмыстағы жоғары ынталану – бұл терең сенім білдіру ахуалы. Мұндай ахуалды жасау үшін олардан қандай нәтиже күтетініңізді хабардар ету,яғни оларға сенім білдіру.Сенім алға жетелейтінін бәріміз түсінеміз.

Үшінші фактор – нәтижеге деген жеке жауапкершілік.Студенттерге жауапкершілік арту – олардың өз күшіне сенімділігін арттыру.Оларға маңызды, ынталандыратын жұмыс беріп, қолдау көрсету нәтижелі болады. Адам өзіне жауапкершілік алған сайын, соғырлым шешім қабылдау мен көшбасшылық дағдылары шыңдалады және оның құндылығы топ үшін жоғарылай түседі.

Төртінші фактор – өзін дамыту, яғни студент өзіндегі қабілетті сезініп, іздене береді.

Қазақ тілі сабақтарында көшбашылық қабілетті қалыптастыру жағдаятына бағытталған жұмыстардан үзінді ұсынып көрейік:

Сабақ тақырыбы – Мінез және келбет. Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.

Жалпы мақсат: Адамның жан дүниесі және сыртқы келбеті, олардың үйлесімділігі туралы мәлімет. Көшбасшылықты дамыту моделі.

Грамматикалық сауаттылық: Есімдіктер және олардың септелу ерекшеліктері, жіктеу есімдіктері. Құранды етістіктер (көшбасшылық қасиетті қалыптастыру, жақсы көру, көңіл бөлу, іске асыру).

Нысана: Студенттердің сабақ тақырыбының мазмұнына қарай көшбасшылық қабілетін анықтауға және дамытуға бағыт-бағдар беру.

Оқу нәтижесі:

1 Студенттің жеке тұлғалық көшбасшылық қабілетін анықтай алады.

2 Көшбасшы студенттің мінез-құлқындағы ерекшеліктерді айқындай біледі.

3 Көшбасшы жеке тұлғаны дамытудың тиімді жолдарын үйренеді.

Негізгі идеялар: Көшбасшы жеке тұлғаның басынан кешетін көптеген эмоциялық және әлеуметтік қиындықтарды жоюға болады, ол үшін олардың деңгейі мен оқу қарқынына бейімделген әрі келісілген оқу ортасы болу қажет.

Сабақта қолданылатын құрал-жабдықтар: Интерактивті тақта, маркер, стикер, А-3, А-4 парақтары, қалам, компьютер.

Оқыту әдістері:

Миға шабуыл, ашық сұрақтар қою, топтық жұмыс, АКТ, РАФТ, «Бес саусақ», «Бағдаршам» әдістері арқылы бағалау, оқытудағы басқару және көшбасшылық.

Дерек көздері: «Ана тілі туралы», «Білім туралы», «Адамның мінез-құлқы туралы» және тақырып атауына қатысты цитаталар.

Тапсырмалар:

Топтық талдау, постермен жұмыс, ой түрткі, сергіту сәті, бағалау, рефлексия.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер

Ой қозғау

Ой қозғау мақсатында «Команданы қалай басқару керек?» бейнеролик көрсетіледі.

«Қауымдастық жаттығуы» студенттер өз ойларымен бөліседі.

1) Көшбасшы дегеніміз кім?

2) «Көшбасшы» сөзін естігенде қандай ойлар туындайды?

3) «Көшбасшы» мен «басшы» сөздерінің айырмашылығы бар ма?

4) Сіздің тобыңызда көшбасшы кім?

5) Көшбасшылықтың қандай түрлерін білесіздер?

6) Топта, ұжымда, қоғамда көшбасшы қажет пе? Не үшін?

7) Кез келген адам өзінің көшбасшылық қабілетін дамыта ала ма?

8) Көшбасшы қауымның өмірін өзгерте ала ма?

Сұрақтарға жауап береді – 3 минут.

Үш топта құнды-құнды ойларын ортаға салды. Енді осы айтқандарымыз бойынша ми қыртысында сәулеленген ойларды «Көшбасшы» сөзінің анықтамасын шығарып, оны постерге түсіреді және оны қорғайды.

Тапсырма

«Менің көшбасшылық қасиеттерім»

1) Өз бойымдағы қандай көшбасшылық қасиеттерді білемін?

2) Көшбасшы болу үшін мен қандай әдеттерім мен қасиеттерімді жоюым керек?

Жеке жұмыс. Әр студент жеке жауап береді – 5минут.

Орындалған тапсырма негізінде бағалау болады.

РАФТ әдісі – «Көшбасшылар сарайы».

1. Қатал көшбасшы
2. Сабырлы көшбасшы
3. Еңбекқор көшбасшы
4. Қайырымды көшбасшы

Аталған образдарды топта аса шығармашылықпен сомдау.

Кері байланыс: Не түсінгені жайлы, көшбасшы болу үшін қай қасиеттерді ұстанғаны дұрыс екендіктерін сұрау.

Топтарға бір-бірінің жұмысын бағалату.

Әр топ сипаттамасын жазып, постер қорғайды.

Топтар бір-бірінің жұмысын «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалайды – 10 минут.

Бейнеролик.

«Вот что значит быть лидером в команде» атты бейнероликті көргеннен кейін топтарға сұрақ қоямыз.

1) Сіздің көзқарасыңыз?

2) Сіздің іс-әрекетіңіз?

Бұл жұмысты да топпен орындатып, ұжымдық жұмыс сапасын анықтатып,ішіндегі белсенділігі жоғары көшбасшыны тапқызамыз. Бұл сәтті ашық демократиялы түрде немесе студенттердің қалауымен жасырын дауыспен де көшбасшы есімін анықтаймыз.

Маркетинг жөніндегі сарапшы Род Ничолс айтады: «Егер сіз әрбір клиентпен бір-ақ түрлі жолмен жұмыс істесеңіз, онда контактілеріңіздің барлық санының 25–30 % ғана шартқа келісім береді, себебі бір типті адамдары ғана қамтисыз, ал төрт типті адамдармен қалай жұмыс істеу керектігін үйренсеңіз, нәтижесі 100 % болады». Егер тиімді көшбасшы болам десеңіздер, сізге позитивті ұстаным қажет. Осы ретте тақырып мазмұнына сәйкес ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Бес саусақ» әдісін қолдануға болады.

Бас бармақ – Не ұнады?
Балан үйрек – Жаңа не білдім?
Ортан терек – Не жөнінде ойландыңыз?
Шылдыр шүмек – Өз қоржыныма не аламын?
Кішкентай бөбек – Не білгім келеді?
Шүлдір – шүлдір шүмек – Мен көшбасшымын!
3 минут.
Рефлексиялық есеп.

Басқару және көшбасшылық туралы көзқарастарын қалыптастыра отырып, практикалық тапсырмалар арқылы түсініктерін кеңейту; қатысушыларды сыни тұрғысынан ойлау арқылы қарым-қатынасын реттеу, топтық жұмыстарда көшбасшылық қызметін жан-жақты талдауды сабақтың мақсаты етіп алынады. Күтілетін нәтиже: топтаса жұмыс атқара отырып, басқару және көшбасшылық туралы түсінік қалыптасады, көшбасшы түрлерінің ерекшеліктерін айқындай отырып, қажетті жағдайда тиімді пайдалануға үйренеді. Көшбасшылық түрлерін ажыратып, ой бөлісе алады, салыстыру арқылы толғанысқа келеді. Осылайша студенттердің көшбасшылық қабілеттерін анықтап, дамыту әрекеті жүзеге асырылады.

Сабақта жағымды көзқарас орнату үшін «Жылы сөз, жылы тілек» тренингін бере отырып сергіту сәтімен басталады. Келе жатқан Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесімен құттықтап,студенттербір-біріне мерекеге арналған жылы тілектерін айтып, бір-бірілеріне қошемет көрсетеді. Наурызға арналған әндердің тақырыбы бойынша әндердің әуенін орындай жүріп бірін–бірі тауып, топтасады. Бұл әдіс студенттерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Сондай-ақ, топ басшысының бағалауына кезек беріледі. Әр топтан топ басшысы шығып, смайликтермен 3,4,5 баллдық жүйемен өзара бағаланады. Студенттерден бағалағанда неге сүйендіңіздер? – деп сұралады. Олар тақырыптың ашылуына қарап бағалау керектігін білулері керек. Постерлерін бағалау үшін критерийлер құру ұсынылады. Олар топтарымен бірлесе отырып критерийлер құрайды. Критерийлермен бағалап болған соң, екінші топ бірінші топтың бағасымен келісу немесе келіспеулері туралы келіссөздер жүргізіледі. Критерийлермен бағалағандағы бағаларын бағалау парақтарына жазып отырады.

1 «Мен көшбасшымын» анкета сипаттама эссе жазуға дайындық жасалынады.

2 Өз бойымдағы қандай көшбасшылық қасиеттерді білемін?

Көшбасшы болу үшін мен қандай әдеттерім мен қасиеттерімді жоюым керек? Тірек сұрақтары арқылы көшбасшылық қасиеттерге сипаттама берілу мақсаты қойылады.

РАФТ әдісімен студенттер шығармашылық жолмен жұмыс жасап, мәтінмен жұмыс жасау әрекетін жүзеге асырады. Ол үшін студеттердің әр тобына «Ұлы адамдар өмірінен» атты тақырыптағы Ж. Аймауытов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ш. Құдайбердиевтің шығармаларындағы жеке тұлға қасиеттері мен көшбасшылық мінезді танытатын үзінділер ұсынылады. Әр топ әр жазушыны таңдап алып, «Көшбасшылар сарайына»саяхат жасайды. Мәтін мазмұны бойынша келесі сауалдар студенттердің алдында конвертте жатады. Конверт ішінде әр жазушының шығармалар мазмұнына сәйкес сұрақтар беріледі. Мысалы, Ж. Аймауытовтың

1 Адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... адам баласының ұрлық істеу, өтірік айту, кісі тонау, өлтіру сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен...

2 ...Адам баласы ұшқыр ой, көп ақыл, өткіз сезім қайратының арқасында ғылым, білім, өнер тауып, өзгеден үстем дүние жүзінің қожасы болып отыр.

3 Оқу, білім – жанған шырақ ойласаң,

Үйренерсің, іздеп көрсең – қалмасаң.

Қу өнерді, бу беліңді, жегер сал,

Пайда аларсың, қаужанарасың, тоймасаң.

4 Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге.

5 Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді.

6 Мақтаншақ кісі – менмен кісі,

Менмендік – адамның міні.

7 Тіршілікте адам баласы нелер күйге түспек: бейнет шекпек, рахат таппақ, өкінбек, үміт етпек, адаспақ, түзелмек, талай ажалға басын да байламақ, талай соққы да жемек...

Тапсырма

1 Осы берілген Ж. Аймауытовтың пікірлерінен көшбасшылық мінезді танытатын сөздерді, сөз тіркестерін белгілеңіз.

2 Көшбасшылық анықтамасына жақын мәндегі толық бір цитатаны таңдаңыз.

3 Осы цитаталардың ортақ идеясын анықтаңыз.

4 Осы цитаталар мазмұны бойыншаөз пікіріңізді жазыңыз.

5 Сіздің авторлық цитатаңыз ...

Бұл сұрақ барлық ақын – жазушылардың шығармашылығы бойынша ортақ тапсырма болып саналады.

Келесі бір тапсырма психологиялық-шығармашылық тапсырма болады. Көшбасшылықты дамыту моделіне кең бағытта жұмыс жасау үшін қазақ тілі

сабағында берілген тапсырмалар мазмұны шығармашылыққа бағытталған дұрыс. Мәселен, **Өлең құрастыру.** Бұл жұмысты екі тәсіл арқылы ұйымдастыруға болады. а**) Дайын өлең жолдарын ұсынып, студенттерге соны аяқтауды тапсыруға болады.** Мысалы:

Арыстандай айбатты,
..... қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен ..... сенемін!
Көздерінде ..... ойнар,
Сөздерінде ..... бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
..... жастарға сенемін!
Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк .....
Мен жастарға .....! »

- студенттерге осы дайын өлең жолдары ұсынылып, оны ары қарай жалғастыру тапсырылады. Көшбасшылық қасиетіне сипаттама беріледі.

ә) Дайын ұйқастар ұсынылады.

Мысалы, «Жастар және қоғам» тақырыбына арнайы ұйқас бойынша өлең құрастыру тапсырылады:

… менің,
… менің.
… өсе бер,
… жылың.
..... жасасын!
..... қолдасын.
..... жарқылдап,
..... арнасын!

Талдау жұмыстары:

Тақырып атауына қажетті лексикалық минимумды үйрету.

Жасөспірімдердің көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, мүмкіндіктерін бағалауға арналған мүмкіндіктерін бағалауға арналған тренинг мен тесттік тапсырмаларын орындап, қорытынды жасайды.

• Менің ойымша адамдар мені ….
• Өмірімдегі ең бақытты күнім …
• Менің ойымша, бақыт деген …
• Менің басқалардан айырмашылығым …
• Егер сиқыршы болсам…

• Достарыммен жүргенде өзімді…
• Өмірдің мәні …
• Көшбасшылық қасиетім – …

Аталмыш сабақтардағы сәтті тұстарымыз ретінде – диалогтық топтық талқылау жұмыстарды атап кетуіміз керек. Осы әрекеттер студенттер арасында шынайы қарым – қатынасты орнатты. Бірақ сабақ барысында студенттердің уақытында жауап бере алмауы,топ бір-бірінің пікірін аяғына дейін тыңдай алмауы, соңына дейін шыдамсыздық танытуы сияқты кедергілер болды. Болашақта студенттерді ынтымақтастық орнату мақсатында жеке коучинг өткізу қажеттілігі туындады. Алдағы сабақтарда осы кедергілерді ескеріп, болдыртпау жағы, көшбасшылық қсиеттердің бекуі сияқты жұмыс жасау керектігі белгілі болды. Сабағымыздың нәтижесінде студенттер соңында оқыту мен оқудағы көшбасшылық жайлы зерделей алуды үйренді. Көшбасшылық түрлері бойынша нақты, толыққанды көшбасшы өз ісіне берілген, табанды көшбасшы, сыйласымдылық, өктемшіл көшбасшылар жайында толық ақпарат алады. Топтағы көшбасшылықтың түрлерін ажырата алу керектігін білді.

Әр сабақтың нәтижесі ретінде әр уақытта төмендегі сауалдар беріліп, қазақ тілі сабақтарында өтілетін әр тақырып мазмұнын толық игеру мақсатына жету үшін осы сауалдар ауызша немесе жазбаша қойылып отырады.

1 Егер сіз де көшбасшы болуға ұмтылсаңыз, қандай 10 кеңес ұсынар едіңіз?

2 Көшбасшылық қабілеттерін дамытудың 15 ережесін қарастырыңыз.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР БҒМ грантының қолдауымен орындалды, AP09563183 «ЖОО–дағы ағылшын және қазақ тілдері сабақтарында тілдік емес мамандықтар студенттерінің көшбасшылық қабілеттерін дамыту» жобасы.

Қорытынды

Өз тілі мен тарихын білу – ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры мен нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы ретінде сезінуінің мәні зор болмақ.

Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет пен ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп тіршілік ете білуді талап етеді. Білім алушылардың тұлғалық дамуының негізгі параметрлері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік,

зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік болып табылады. Осы қасиеттердің даму деңгейі тұлғаның әлеуметтік қалыптасу мен әлеуметтік біліктілігінің көрсеткіштері деп қарастыра отырып, қазақ тілін сапалы оқыту арқылы оның көшбасшылық қасиеттерін дамыту – білімділік пен мәдениеттілік негізі екенін ұмытпауымыз керек.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы [Электрондық ресурс]. – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000

2 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы [Электрондық ресурс]. – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110

3 **Клочков, Ю.** Особенности изучения иностранных языков в странах Европы (на примере Люксембурга, Бельгии, Швейцарии) [Электрондық ресурс]. – http://repo.komazawa-u.ac.jp/opac/repository/all/35677/rgs020-07-kurochikofu.pdf

4 **Құрманова, Н.** Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту технологиясы: оқу құралы [Мәтін]. – Ақтөбе, 2002. – 135 б.

5 Қазақ тілі А2. Базалық деңгей. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешен: оқулық [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 145 б.

6 Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешен: көмекші құрал [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 175 б.

7 **Күзекова, З., Аяпова, Т., Оразбаева, Ф., Мамаева, М.** Қазақ тілін орта деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы [Мәтін]. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 54 б.

References

1 Qazaqstan Respublikasynyń Konstitucziyasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource]. – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000

2 Qazaqstan Respublikasyndaġy tilderdi damytu men qoldaudyń 2011-2020 zhyldarğa arnalġan memlekettik bağdarlamasy turaly [About the state programme of development and use of languages in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020] [Electronic resource]. – http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000110

3 **Klochkov, Yu.** Osobennosti izucheniya inostrannyh yazykov v stranah Evropy (na primere Lyuksemburga, Bel'gii, Shveiczarii) [Features of learning

foreign languages in European countries (on the example of Luxembourg, Belgium, Switzerland)] [Electronic resource]. – http://repo.komazawa-u.ac.jp/opac/repository/all/35677/rgs020-07-kurochikofu.pdf

4 **Qurmanova, N.** Zhoǧary mektepte qazaq tilin oqytu tehnologiyasy: oqu quraly [Technology of teaching the Kazakh language in high school: educational aid] [Text]. – Aqtobe, 2002. – 135 p.

5 Qazaq tili A2. Bazalyq dengei. Qazaq tilin oqytuǧa arnalǧan tiptik oqu-adistemelik keshen: oqulyq [Kazakh language A2. Basic level. Standard educational and methodical complex for teaching the Kazakh language: text-book] [Text]. – Nur-Sultan, 2020. – 145 p.

6 Qazaq tilinin grammatikalyq anyqtagyshy. Qazaq tilin oqytuǧa arnalǧan tiptik oqu-adistemelik keshen: komekshi qural [Reference book of the Kazakh language grammar. Standard educational and methodical complex for teaching the Kazakh language: additional aid] [Text]. – Nur-Sultan, 2020. – 175 p.

7 **Kuzekova, Z., Ayapova, T., Orazbaeva, F., Mamaeva, M.** Qazaq tilin orta dengeide mengerudin taqyryptyq leksikalyq minimum [Thematic lexical minimum of intermediate knowledge of the Kazakh language] [Text]. – Astana: National Test Centre, 2011. – 54 p.

Материал 09.09.21 баспаға түсті.

**А. Ф. Зейнулина, А. Т. Ташекова*
Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 09.09.21.

РАЗВИТИЕ ЛИДЕРСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ У СТУДЕНТОВ НЕЯЗЫКОВЫХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В ВУЗЕ

В процессе обучения казахскому языку должны быть сформулированы четкие цели, точно определено содержание образования.Студентам, обучающимся в вузе по неязыковым специальностям, дается представление основ науки о казахском языке, раскрывается значение языка в жизни общества, объясняется его востребованность на производстве, в социальной сфере.Создавая условия для получения хороших знаний по казахскому языку, мы исходим из того, что язык является главным средством общения, и поэтому при обучении казахскому языку используем различные

методы и приемы, повышая функциональную грамотность, формируя языковую культуру студентов, тем самым формируя возможность самостоятельно говорить и писать.

В этом контексте на уроках казахского языка должны учитываться и воспитательные цели, создаваться условия для развития творческих и лидерских способностей студентов. Формирование правильного взгляда на языковое явление осуществляется через работу по объяснению того, что язык существует и развивается вместе с человеческим обществом, является необходимым для общества средством общения.В данной статье рассматриваются содержание методики для развития лидерских способностей студентов на уроках казахского языка, различные приемы работы с текстом, раскрывается сущность проведения различных творческих тренировочных работ.

Главным показателем лидерства является сознательный и деятельностный подход – для осознанного, а не заученного усвоения студентами закономерностей и правил языка, с этой целью проводится анализ особенностей занятий (в том числе и контрольных), используемых в обучении казахскому языку: 1) занятие по изучению нового учебного материала, 2) занятие по совершенствованию знаний, умений и навыков, 3) занятие по систематизации, обобщению знаний, 4) комбинированное занятие, 5) занятие по оценке знаний, умений и навыков.

Ключевые слова: казахский язык, методика, профессия, лидер, лидерские качества, развитие, лексический минимум, упражнения.

**A. F. Zeinulina, A. T. Tashekova*
Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 09.09.21.

DEVELOPMENT OF LEADERSHIP SKILLS IN STUDENTS OF NON-LINGUISTIC SPECIALTIES IN THE LESSONS OF THE KAZAKH LANGUAGE AT THE UNIVERSITY

In the process of teaching the Kazakh language, clear goals should be formulated, the content of education should be precisely defined. Students studying at the university in non-linguistic specialties are given an idea of the basics of the science of the Kazakh language, the importance of

the language in the life of society is revealed, its demand for production and in the social sphere is explained. Creating conditions for obtaining good knowledge of the Kazakh language, we proceed from the fact that the language is the main means of communication, and therefore, when teaching the Kazakh language, we use various methods and techniques, increasing functional literacy, forming the language culture of students, thereby forming the opportunity to speak and write independently.

In this context, educational goals should also be taken into account in the Kazakh language lessons, conditions should be created for the development of creative and leadership abilities of students. The formation of a correct view of the linguistic phenomenon is carried out through the work of explaining that language exists and develops together with human society, is a necessary means of communication for society. This article discusses the content of the methodology for the development of students' leadership skills in the Kazakh language lessons, various methods of working with the text, reveals the essence of various creative training works.

The main indicator of leadership is a conscious and active approach – for the conscious, rather than memorized, assimilation of the laws and rules of the language by students, for this purpose, an analysis of the features of classes (including control ones) used in teaching the Kazakh language is carried out: 1) a lesson on studying new educational material, 2) a lesson on improving knowledge, skills and abilities, 3) a lesson on systematization, generalization of knowledge, 4) a combined lesson, 5) a lesson on evaluating knowledge, skills and abilities.

Keywords: the Kazakh language, methodology, profession, leader, leadership skills, development, lexical minimum, exercises.

Теруге 09.09.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,31 Mb RAM
Шартты баспа табағы 28,0.
Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген З. С. Искакова
Корректоры: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3810

Сдано в набор 09.09.2021 г. Подписано в печать 30.09.2021 г.
Электронное издание
4,31 Mb RAM
Усл.п.л. 28,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка З. С. Искакова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3810

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
8 (7182) 67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
pedagogic-vestnik.tou.edu.kz